**"Келісу комиссиясының ережесі мен регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 746 -НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 11 сәуірдегі № 149 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 сәуірде № 15085 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 8 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 15.04.2022 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**БҰЙЫРАМЫН**:

1. "Келісу комиссиясының ережесі мен регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 746 -НҚ бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12593 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 12 қаңтарда жарияланған), мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Келісу комиссиясы туралы ережеде:

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру қорытындылары бойынша қорытынды жобасын қарау нәтижелері бойынша ескертулер мен ұсынымдар енгізу және монополияға қарсы орган ведомствосының лауазымды адамына ( лауазымды адамдарына) және оның аумақтық бөлімшелеріне жұмыс үшін жіберу ;";

5-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Келісу комиссиясының регламентінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Комиссия ведомствоға тергеп-тексеру аяқталған күнге дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн мерзімде берілген тергеп-тексеру объектісінің өтініштерін қарамайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Комиссия отырысы оның мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы болған кезде өтті деп есептеледі.".

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан* ***Республикасының***
***Ұлттық экономика министрі*** *Т. Сүлейменов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК